



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (2)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 777–786
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_777-786

ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ

Азиза Базарбаевна Муратбаева

¹ Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Қарақалпақстан бөлімі Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар ғылыми-зерттеу институты (179А-үй, Әмір Темір көшесі, 230100 Нүкіс, Қарақалпақстан Республикасы, Өзбекстан) Кіші ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0009-0006-8125-7861>. E-mail: muratbaevaziza@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Муратбаева А.Б., 2026

Аңдатпа. *Кіріспе.* Бұл мақалада Өзбекстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі Қарақалпақстандағы қазақ ұлттық мәдени орталығының (ҚҰМО) қалыптасу тарихы мен қызметі тарихи-мәдени тұрғыдан талданады. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты – аймақтағы ірі этникалық топтардың бірі болып табылатын қазақ диаспорасының рухани-мәдени бірегейлігін сақтау мен дамытудағы орталықтың рөлін айқындау. Осыған орай, ұйымның құқықтық негіздері, институционалдық даму кезеңдері, аудандық бөлімшелердің ашылуы және ұлтаралық татулықты нығайтудағы стратегиялық маңызы міндет ретінде қойылды. *Материалдар мен әдістер* ретінде Қарақалпақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорлары, Өзбекстан Ұлттық архивінің құжаттары, статистикалық мәліметтер мен мерзімді басылымдар («Достық үні», «Еркін Қарақалпақстан») пайдаланылып, тарихилық пен жүйелілік әдістері қолданылды. *Нәтижелер.* Зерттеудің негізгі нәтижелері ҚҰМО-ның 1990 жылы құрылуынан бастап, қазақ тіліндегі «Достық үні» газетінің негізделуі, «Бесқала» халық театрының жетістіктері, ақындар айтысы мен ұлттық мерекелердің («Көрісу») қайта жаңғыру үдерістерін қамтиды. Сондай-ақ, аймақтағы 148 мектепте қазақ тілінде білім беру ісі мен зиялы қауым өкілдерінің өлке дамуына қосқан үлесі сараланды. *Қорытынды.* Қорытындылай келе, ҚҰМО Қарақалпақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігінде бауырлас халықтар арасындағы алтын көпірге айналып, этникалық топтардың тілі мен дәстүрін сақтаудың маңызды институционалдық тетігі ретінде мемлекеттік саясатты іске асыруда шешуші рөл атқаратыны дәлелденді.

Түйін сөздер: Қарақалпақстан, қазақ ұлттық мәдени орталығы, диаспора, «Достық үні» газеті, «Бесқала» театры, ұлтаралық келісім, мәдени мұра.

Дәйексөз үшін: Муратбаева А.Б. Қарақалпақстандағы қазақ ұлттық мәдени орталығының қалыптасуы мен қызметі: тарихи-мәдени аспект // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. 777–786-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_777-786

СТАНОВЛЕНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО КУЛЬТУРНОГО ЦЕНТРА В КАРАКАЛПАКСТАНЕ: ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ АСПЕКТ

Азиза Базарбаевна Муратбаева

Каракалпакский научно-исследовательский институт гуманитарных наук Каракалпакского отделения Академии наук Республики Узбекистан

(дом 179-А, улица Амиру Темура, 230100 Нукус, Республика Каракалпакстан, Узбекистан)

Младший научный сотрудник

<https://orcid.org/0009-0006-8125-7861>. E-mail: muratbaevaziza@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Муратбаева А.Б., 2026

Аннотация. *Введение.* В данной статье рассматриваются историко-культурные аспекты становления и деятельности Казахского национального культурного центра (КНКЦ) в Каракалпакстане в период независимости Узбекистана. *Цель и задачи.* Целью исследования является комплексный анализ роли центра в сохранении духовной и культурной идентичности казахской диаспоры, являющейся одной из крупнейших этнических групп региона. Для достижения этой цели поставлены задачи по изучению нормативно-правовой базы организации, этапов её институционального развития, работы районных филиалов и творческих коллективов. В качестве *материалов и методов* использованы архивные фонды Центрального государственного архива Республики Каракалпакстан, Национального архива Узбекистана, статистические данные и материалы периодической печати («Достык уни», «Еркин Каракалпакстан»), обработанные с помощью историко-системного и сравнительно-аналитического методов. *Результаты.* Основные результаты исследования отражают хронологию развития КНКЦ с 1990 года, включая создание газеты «Достык уни», деятельность народного театра «Бескала», возрождение искусства айтыса и национальных праздников (Амандасу). Особое внимание уделено состоянию образования на казахском языке в 148 школах региона и вкладу казахской интеллигенции в науку и культуру края. В *заключении* обосновывается, что КНКЦ выступает важным институциональным механизмом реализации государственной политики, играя роль «золотого моста» между братскими народами и способствуя укреплению межнационального согласия и толерантности в многонациональном обществе Каракалпакстана.

Ключевые слова: Каракалпакстан, казахский национальный культурный центр, диаспора, газета «Достык уни», театр «Бескала», межнациональное согласие, культурное наследие.

Для цитирования: Муратбаева А.Б. Становление и деятельность Казахского национального культурного центра в Каракалпакстане: историко-культурный аспект // Отан тарихы (Отечественная история). 2026. Т. 29. № 2. С. 777–786. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_777-786

FORMATION AND ACTIVITIES OF THE KAZAKH NATIONAL CULTURAL CENTER IN KARAKALPAKSTAN: A HISTORICAL AND CULTURAL ASPECT

Aziza Bazarbaevna Muratbaeva

Karakalpak Research Institute of the Humanities, Karakalpak Branch of the Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan

(179-A, Amir Temur street, 230100 Nukus, Uzbekistan, Republic of Karakalpakstan)

Junior Researcher

<https://orcid.org/0009-0006-8125-7861>. E-mail: muratbaevaziza@gmail.com

© Valikhanov IHE, 2026

© Muratbaeva A.B., 2026

Abstract. This article examines the historical and cultural aspects of the formation and activities of the Kazakh National Cultural Center (KNCC) in Karakalpakstan during the period of Uzbekistan's independence. The aim of the study is a comprehensive analysis of the center's role in preserving the spiritual

and cultural identity of the Kazakh diaspora, one of the largest ethnic groups in the region. To achieve this, the tasks included studying the legal framework of the organization, the stages of its institutional development, and the activities of regional branches and creative teams. Historical-systemic and comparative-analytical methods were applied to materials from the Central State Archives of the Republic of Karakalpakstan, the National Archives of Uzbekistan, statistical data, and periodical press sources ("Dostyk uni", "Erkin Karakalpakstan"). The key results reflect the chronology of the KNCC since 1990, highlighting the establishment of the "Dostyk uni" newspaper, the achievements of the "Beskala" folk theater, and the revival of the art of aytys and national traditions like "Amandasu". The study also details the current state of Kazakh-language education in 148 schools and the intellectual contribution of Kazakh scholars to the region's development. In conclusion, it is established that the KNCC serves as a vital institutional mechanism for implementing state policy, acting as a "golden bridge" between brotherly nations and significantly contributing to the strengthening of interethnic harmony and cultural diversity in Karakalpakstan.

Keywords: Karakalpakstan, Kazakh National Cultural Center, diaspora, "Dostyk uni" newspaper, "Beskala" theater, interethnic harmony, cultural heritage.

For citation: Muratbayeva A.B. Formation and Activities of the Kazakh National Cultural Center in Karakalpakstan: Historical and Cultural Aspect // Otan tarihi (History of the Homeland). 2026. Vol. 29. No. 2. Pp. 777–786. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_777-786

Кіріспе. Өзбекстан тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде ел аумағындағы этникалық топтардың мәдени бірегейлігін сақтау мен этносаралық теңгерімді қамтамасыз ету мәселесі айқындалды. Бұл үдерісте ұлттық мәдени орталықтардың (ендігі жағында – ҰМО) құрылуы маңызды институционалдық қадам болды. Қазіргі заманауи этносоциология мен диаспора зерттеулерінде, атап айтқанда Роджерс Брубейкердің концепциясында, этникалық топтардың жай ғана өмір сүруі емес, олардың институционалдық формаға ие болуы сақталудың басты кепілі ретінде қарастырылады [Brubaker, 2006]. Осы теориялық аспект тұрғысынан алғанда, Қарақалпақстандағы Қазақ ұлттық мәдени орталығын (ендігі жағында – ҚҰМО) тек мәдени бірлестік емес, диаспораның «мәдени жадын» жаңғыртушы және мемлекеттік этносаясатты жергілікті деңгейде жүзеге асырушы негізгі стратегиялық субъект деп тану қажет.

1990 жылы өз жұмысын бастаған ҚҰМО аймақтағы 300 мыңға жуық қазақ диаспорасының рухани-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруда шешуші рөл атқарып келеді. Мақалада орталықтың қалыптасу тарихы, құрылымдық бөлімшелерінің ашылуы және аймақтағы мәдени-ағартушылық кеңістікті дамытудағы пәрменді қызметі талданады. Сондай-ақ, «Достық үні» газетінің негізделуі, «Бесқала» халық театрының жұмысы мен ұлттық дәстүрлерді жаңғыртудағы орталықтың рөлі зерттеледі. ҚҰМО қызметінің эволюциясын зерделеу – қазақ және қарақалпақ халықтары арасындағы тарихи тағдырластық пен мәдени үндестіктің заманауи моделін айқындауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Мақаланың деректік негізін Қарақалпақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорлары, Өзбекстан Ұлттық архивінің құжаттары, ресми статистикалық мәліметтер және «Достық үні», «Erkin Karakalpakstan» газеттерінің архивтік сандары құрады. Зерттеу барысында тарихилық, жүйелілік және салыстырмалы-аналитикалық әдістер қолданылды. Хронологиялық шеңберді сақтай отырып, орталықтың 1990 жылдан бүгінгі күнге дейінгі қызметіне тарихи-мәдени тұрғыдан ретроспективті талдау жасалды.

Талқылау. Өзбекстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде ел аумағындағы этникалық топтардың тілін, салт-дәстүрі мен мәдениетін сақтау және дамыту мәселесі айқындалды. Осы мақсатта құрылған ҰМО ұлттараралық татулықты нығайтудың маңызды құралына айналды. Республикалық ҰМО-ның 1994 жылғы есептік мәліметтеріне сәйкес, Өзбекстан аумағында 85 ұлттық мәдени орталық қызмет көрсеткен. Оның ішінде Қарақалпақстан Республикасында 3 орталық ресми тіркеліп, өз жұмысын бастады. Олардың қатарында С.Т. Нұрқожаев басқарған ҚҰМО-да болды [РИМОМ, 1994].

Қарақалпақстандағы басқа ұлттық мәдени орталықтармен (мысалы, корей немесе түрікмен) салыстырғанда, қазақ орталығының қызметі кең ауқымдылығымен ерекшеленеді. Бұл ең алдымен тілдік ортаның жақындығымен және білім беру жүйесіндегі қазақ мектептерінің көптігімен байланысты. Егер өзге орталықтар негізінен фольклорлық-этникалық деңгеймен шектелсе, ҚҰМО ақпараттық (газет), білім беру және кәсіби өнер деңгейіндегі кешенді интеграцияны қамтамасыз етті.

Орталықтың институционалдық қалыптасуы бірнеше стратегиялық бағытта өрбіді. Біріншіден, ұлттық мәдени мұраны жүйелі сақтау қолға алынса, екіншіден, этникалық топ өкілдерін мемлекеттік

реформаларға белсенді тарту тетіктері жасақталды. Осыған орай, 1993 жылғы 23 сәуірде Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің №113/5 санды қаулысымен «Мәдениет істері министрлігі туралы ереже» бекітілді [ҚҚР ОМА. Ф. 515. Оп. 1. Д. 4, Л. 234]. Аталған құжатта министрліктің стратегиялық міндеттері ретінде ұлттық мәдени орталықтармен өзара іс-шараларын нығайту ұлттараралық және халықаралық мәдени байланыстарды кеңейту мен дамыту белгіленді. Өңірдегі рухани құндылықтар мен өнерді қайта түлету арқылы кемел тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше көңіл бөлінді. Бұл ретте кәсіби де, әуесқой да шығармашылықты қолдау маңызды рөл атқарды.

2024 жылғы ресми статистикалық деректерге сүйенсек, Қарақалпақстандағы қазақ диаспорасының саны 296 695 адамды құрап, аймақтағы ірі этникалық топтардың бірі болып табылады [ҚРСБМ, 2024]. Аймақтағы ұлттараралық достастықты бекемдеу, қазақ тілі мен мәдениетін өркендету, сондай-ақ қазақ ұлты өкілдерінің ана тілінде орта және жоғары білім алуына жағдай жасау мақсатында 1990 жылы ҚҰМО құрылды. Ұйым Өзбекстан Республикасы Әділет министрлігі тарапынан 1996 жылғы 3 шілдеде №96 тіркеу куәлігімен ресми заңдастырылды.

Орталықтың институционалдық тұрғыдан нығаю үдерісінде басқарушы құрамның қызметі шешуші рөл атқарды. Төменде ҚҰМО-ны әр жылдары басқарған төрағалардың тізімі хронологиялық ретімен берілген:

- С. Нұрқожаев (1992–2004 жж.);
- Ш. Сәлиев (2004–2011 жж.);
- Б. Құлатаев (2011–2014 жж.);
- Ж. Дәрменов (2014–2021 жж.);
- А. Үмбетаев (2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін).

Орталықтың қызмет ауқымын кеңейту мақсатында Беруни, Қоңырат, Тақтакөпір, Еллікқала, Шоманай және Хожелі аудандарында жергілікті бөлімшелер жұмыс істеді. Аймақтық құрылымдарды басқару ісіне К. Сәрсенов (Қоңырат ауданы), М. Қыпшақбаев (Шымбай ауданы), Ж. Айдынғалиев (Хожелі ауданы), И. Қойлыбаев (Тақиятас қаласы) және Ә. Әбдікәрімов (Нөкіс қаласы) сынды қоғам белсенділері жұмылдырылды.

ҚҰМО-ның аудандық бөлімшелері аймақтағы ұлттараралық татулықты, өзара құрмет пен бауырластық қарым-қатынастарды нығайтумен қатар, қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау бағытында белсенді қызмет атқарды.

Мәселен, 46 мыңнан астам қазақ ұлтының өкілі шоғырланған Хожелі ауданында 1991 жылы мамыр айында алғашқылардың бірі болып қазақ мәдени орталығының бөлімі ашылды. Бөлім жанынан П. Өтемұратовтың жетекшілігімен «Мерей» қазақ ұлттық ансамблі құрылып, оның құрамындағы 30-дан астам өнерпаз Нөкіс қаласында өткен ақындар айтысында белсенділік танытты [Қонысбай, 1992: 2]. Осы қызығушылықтың нәтижесінде 1992 жылғы 30 мамырда аудан орталығында 40-қа жуық өнер иесінің қатысуымен төкпе ақындар айтысы ұйымдастырылды.

Шоманай аудандық бөлімшесі 1992 жылғы 1 шілдеде құрылып, оның алғашқы төрағасы болып А. Атаниязов сайланды. Сол жылдың тамыз айында ауданда қазақ халқының дәстүрлі ән-күй өнері бойынша байқау өткізілді. А. Атаниязовтың Өзбекстан ауқымындағы қазақ мәдени орталықтарының жүйесін қалыптастыруға қосқан үлесі ерекше болды.

Тақтакөпір аудандық бөлімшесі 1992 жылғы 14 сәуірде өз жұмысын бастап, оның басқару кеңесіне 31 мүше сайланды. Бөлімшенің алғашқы басшысы А. Әділов болды. Бұл аймақ ақындар айтысы мен жыраулық өнердің сақталу деңгейімен ерекшеленді. Атап айтқанда, Ж. Шайғұсов, Ж. Нұралиев және М. Әлсейітов сынды өнерпаздар Нөкіс қаласында, сондай-ақ Қазақстанның Ақтау, Жаңаөзен қалаларында өткен халықаралық айтыстарда жүлделі орындарға ие болды.

1992 жылғы шілде айында Мойнақ ауданында да орталықтың бөлімшесі ашылып, оған О. Есіркепов жетекшілік етті.

Қазіргі таңда М. Бужабаев басқаратын Қоңырат аудандық бөлімшесі тұрақты қызметін жалғастыруда, ал өзге аудандарда орталықтың арнайы өкілдері бекітілген. Аудандық бөлімшелердің ашылуы демографиялық көрсеткіштен бұрын, аймақтық этноәлеуметтік байланыстарды бекемдеу мүддесінен туындады. Зерттеу барысында байқалғандай, бұл орталықтар өңірдегі тұрақтылықты қамтамасыз ететін мәдени тетікке айналған. Атап айтқанда, «Мерей» және «Бесқала» ансамбльдерінің шығармашылығындағы қос халыққа ортақ фольклорлық элементтер – қазақ пен қарақалпақ қауымының бөлінбес іргесін көрсететін басты идеологиялық индикатор іспетті.

Орталық қызметінің ұлтаралық татулықты бекемдеудегі практикалық жемісі ретінде – жергілікті қазақтардың аймақтың мемлекеттік басқару жүйесі мен қоғамдық тыныс-тіршілігіне

толыққанды интеграциялануын айтуға болады. Мұны тек мәдени шаралар жиынтығы емес, этностың әлеуметтік белсенділігін арттырған маңызды фактор деп бағалау қажет. Атап айтқанда, «Көрісу» (Амандасу) секілді қос халыққа ортақ тарихи дәстүрлердің мемлекеттік деңгейде кеңінен аталып өтуі – қазақ диаспорасының бойындағы оқшаулану сезімін жойып, олардың заманауи Өзбекстанның біртұтас азаматтық қоғамымен рухани тұтастығын нығайта түсті. Осылайша, ҚҰМО-ның қызметі этникалық тұйықталудың алдын алып, аймақтағы этносаралық диалогтың тиімді моделін қалыптастырды

Өзбекстан Республикасындағы түрлі этностардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру және ана тілінде ақпарат алу құқығын қамтамасыз ету мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Осы бағыттағы елеулі қадам ретінде 1991 жылғы 10-қаңтардан бастап Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі мен Министрлер Кабинетінің бастамасымен қазақ тіліндегі республикалық «Нұрлы жол» газетінің шығарылуын атап өтуге болады.

Қарақалпақстан Республикасындағы этностық топтардың ана тілінде мерзімді басылымдарды жолға қою ісінде ҚҰМО ерекше белсенділік танытты. Аймақтағы қазақ диаспорасының рухани-мәдени сұранысын қанағаттандыру, ұлтаралық келісімді нығайту және достық қарым-қатынастарды насихаттау мақсатында орталықтың органы ретінде «Достық үні» газетіне негіз салынды.

Аймақ тарихында тұңғыш рет қазақ тіліндегі дербес басылымды қалыптастыру процесі бірқатар объективті қиындықтармен тұспа-тұс келді:

1. Материалдық-техникалық базаның тапшылығы: Өңірде бұған дейін қазақ тілінде басылым болмағандықтан, қажетті қаріптер мен полиграфиялық жабдықтар мүлдем болмады. Бұл мәселе тек 1992 жылдың қаңтар айының соңында Қазақстан үкіметінің тікелей техникалық көмегімен шешілді.

2. Қаржылық және логистикалық кедергілер: Нарықтық экономикаға өту кезеңіндегі баспа қызметінің қымбаттауы Нөкіс полиграфиялық комбинатымен келісімшарт жасасуға мүмкіндік бермеді. Осыған байланысты газеттің алғашқы саны 1000 шақырым қашықтықта орналасқан Маңғыстау облысында басылып шықты [Тауасар, 1992: 2].

Газеттің дебюттік саны 1992 жылғы 21 наурызда, «Ырыс алды – ынтымақ» деген ұранмен, 6 мың дана тиражбен жарық көрді. Басылым Қарақалпақстан Кеңестік Республикасының Баспа істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде №534 куәлікпен ресми тіркелді. Құрылтайшылар ретінде Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесі мен Республикалық ҚҰМО белгіленді. Алғашқы санда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы С. Әбділдиннің, «Халық кеңесі» және «Жаңа өмір» газеттері редакцияларының құттықтаулары жарияланды.

Жаңа басылымның жарық көруі аймақтық БАҚ өкілдері тарапынан да қолдау тапты. Атап айтқанда, «Еркін Қарақалпақстан» газетінің 1992 жылғы 28 наурыздағы санында «Достық үні» қоғамдық-саяси газетінің шығуы туралы ақпараттық хабарлама берілді [Абибуллаев, 1992: 1–2].

Экономикалық инфляция мен қағаз тапшылығы басылымның үздіксіз шығуына айтарлықтай кері әсерін тигізді. Соның салдарынан газеттің екінші саны тек шілде айында, үш жарым айлық үзілістен кейін ғана оқырманға жол тартты. Редакция ұжымы бұл кідірістің себептерін қағаздың шарықтап кеткен бағасымен және мемлекеттік емес басылымдар үшін туындаған қаржылық қысыммен түсіндірді. Сол кезеңдегі ресми деректер бойынша, мемлекеттік басылымдар үшін қағаздың тоннасы 15–20 мың сом болса, тәуелсіз мәртебедегі «Достық үні» үшін бұл баға әлдеқайда жоғары болды. Осындай күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайға қарамастан, ұжым газеттің екінші санын 4500 дана тиражбен шығара алды.

«Достық үні» газеті Қарақалпақстандағы қазақ диаспорасының ұлттық бірегейлігін сақтау мен тарихи жадын жаңғыртуда маңызды рөл атқарды. Басылымның басты стратегиялық мақсаты – қазақ халқының бай тарихы мен мәдени мұрасын дәріптеу арқылы өскелең ұрпақтың отансүйгіштік сезімін қалыптастыру болды. Осы орайда газет беттерінде шежіретану, этникалық тарих және диаспора мәселелеріне арналған «Шежірелер шырғалаңы», «Қазақтың қысқаша тарихы» секілді ғылыми-танымдық айдарлар тұрақты түрде жарияланып тұрды. Сонымен қатар, басылым Жанқожа, Жалаңтөс, Барақ, Ер Қосай сынды батырлар мен Әйтеке бидің қоғамдық-саяси қызметі мен ерліктерін насихаттауға айрықша мән берді. Бұл материалдар аймақтағы қазақ жастарының тарихи санасын нығайтуға және ұлттық құндылықтарды ұлықтауға бағытталды.

Қарақалпақстандағы қазақ халқының театр өнерін дамыту мақсатында 1990 жылғы наурыз айында «Бесқала» театр-студиясы ұйымдастырылды. Студияның қалыптасуына Т. Серғазиева, С. Сұлтанова, М. Өтемуратов, С. Абдуллаев, С. Қойланов, А. Сабыров сынды шығармашылық өкілдері елеулі үлес қосты. Театр ұжымы өздерінің концерттік бағдарламаларымен

Қарақалпақстанның барлық аудандарын, сондай-ақ Өзбекстанның Бұхара және Науаи облыстарын гастрольдік сапармен аралап, қазақ өнерін кеңінен танытты. Репертуар негізін қазақ драматургиясының алтын қорына жататын «Еңлік – Кебек», «Қаракөз», «Қыз Жібек», «Біржан – Сара», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектакльдері құрады. Алайда, қаржылық қиындықтар мен тұрақты ғимараттың болмауына байланысты театр қызметі бірнеше жылға тоқтатылды.

1997 жылы ҚҰМО қолдауымен «Бесқала» театры өз қызметін қайта жаңғыртты. Театрдың ресми ашылу салтанатында композитор А. Өтәлиевтің туындылары сахналанды. Бағдарлама аясында Құрманғазы, Дина, Дәулеткерейдің күйлері орындалып, симфониялық оркестрдің қатысуымен қазақ вальстері мен халық әндеріне кеңінен орын берілді. Театрдың өнер саласындағы жетістіктері мемлекеттік деңгейде мойындалып, Қарақалпақстан Республикасы Мәдениет істері министрлігінің 1996 жылғы 30 мамырдағы №17/3 санды қаулысымен ұжымға «Халық театры» мәртебесі берілді [ҚР ОМА Ф. М. 515. Оп. 1. Д. 10. Л. 118]. Кәсіби деңгейге көтерілген театр репертуары «Абай», «Мыңмен жалғыз алыстым» спектакльдерімен толығып, ұлттық драматургияның үздік үлгілерін сахналауды жалғастырды.

Қарақалпақстанның мәдени кеңістігінде қазақ өнерінің насихатталуына М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының 1993 жылғы гастрольдік сапары зор серпін берді. Академиялық театрдың репертуарындағы «Қаракөз», «Айман – Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектакльдерімен қатар, Ш. Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» туындысының сахналық нұсқасы жергілікті көрерменге ұсынылды [Бөпежанова, 1993: 3]. Бұл мәдени іс-шара екі бауырлас халықтың рухани жақындасуына ықпал етіп, сахналық өнердің жоғары деңгейін паш еткен ғылыми-мәдени маңызы бар оқиға ретінде тарихқа енді.

Қарақалпақстандағы қазақ театр өнерінің кемелдену кезеңінде белгілі композитор әрі драматург Айладур Өтәлиевтің шығармашылығы айрықша рөл атқарды. Оның қаламынан туған «Абай» музыкалық драмасы «Бесқала» халық театрының сахнасында көрерменге жол тартып, мәдени ортада үлкен серпіліс тудырды. Спектакльдің ерекшелігі – негізгі шығармашылық құрамның аздығына қарамастан (5 адам), сахнада 40-50 кейіпкердің қатысуымен өтетін ауқымды көріністердің шебер орындалуында болды. Атап айтқанда, Абай бейнесін Х. Нағымбаев, Әйгерім рөлін қарақалпақ қызы Г. Ембергенова жоғары кәсіби деңгейде сомдап шықты. Бұл қойылым екі халықтың тарихи тамырластығы мен рухани тұтастығын паш еткен маңызды көркемдік құбылысқа айналды.

Шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде театр ұжымы 2007 жылы республикалық деңгейде танылды. Халықаралық театр күні аясында өткен байқауда П. Айтмұратовтың «Өмір тауқыметтері» драмасымен үздік шығып, жүлделі бірінші орынды иеленді.

Қарақалпақстан мен Қазақстан арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуда қазіргі заманғы драматургияның ықпалы зор. Белгілі жазушы-драматург Сұлтаналы Балғабаетовтың «Қыз жиырмаға шыққанда», «Біз де ғашық болғанбыз» туындылары жергілікті халықтың ықыласына бөленсе, «Ең сұлу келіншек» лирикалық драмасын Өзбекстан халық артисі Н. Аңсатбаев сахналап, аймақтың театр өнерінің деңгейін көрсете білді.

Театрмен қатар, қазақ диаспорасының рухани мұрасын жаңғыртудың негізгі тетігі ретінде ақындар айтысын ұйымдастыру мәселесі де күн тәртібіне қойылды. «Достық үні» газеті мен Ш. Алдашев сынды зиялы қауым өкілдерінің бастамасымен бұл киелі өнер түрі Қарақалпақстан жерінде қайта жаңғырды.

ҚҰМО қызметіндегі басым бағыттардың бірі – ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған мерейтойлық және конкурстық шараларды жүйелі өткізу. 1992 жылғы шілдеде орталық президиумы Өзбекстан тәуелсіздігінің бір жылдығына орай Нөкіс қаласында республикалық деңгейдегі алғашқы ақындар айтысын өткізу туралы шешім қабылдады. Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік театрында өткен бұл тарихи шараға ҚҰМО төрағасы С. Нұрқожаев пен Қарақалпақстан Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы Д.Н. Шамшетов қатысып, ресми түрде ашты. Байқауға орталықтың Беруни, Еллікқала, Қараөзек, Қоңырат, Мойнақ, Тақтакөпір, Шоманай және Хожелі аудандарындағы бөлімшелері белсенді үлес қосты.

Осы кезеңдегі елеулі оқиғалардың бірі – Қазақстанның Маңғыстау облысы мен Өзбекстанның Сырдария облысы және Қарақалпақстанның жас ақындарының қатысуымен өткен аймақтық айтыс мерекесі болды. Бұл шара екі ел арасындағы рухани алтын көпір ретінде бағаланды.

1993 жылы «Достық үні» газетінің бір жылдығына орай ұйымдастырылған ауқымды айтысқа Қазақстанның Қарағанды, Ақтау, Бейнеу аймақтарынан арнайы делегациялар келді. Маңғыстау облыстық Жастар одағының хатшысы С. Төленов пен Т. Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты

С. Нұржан бастап келген топ құрамында Е. Қабыкеев, Қ. Оразов, Ж. Көрпелиев сынды ақындар болды. Сондай-ақ, Қоңыраттан «Заманай», Хожеліден Сейтеновтер отбасылық ансамблі, «Гәккү», «Замандас» ұжымдарының қатысуы мәдени кештердің мазмұнын байыта түсті.

Қазақ ұлттық мәдени орталығының (ҚҰМО) қызметінде ұлттараралық татулықты нығайтумен қатар, екі халықтың ортақ мұрасы болып табылатын тарихи тұлғаларды ұлықтау шаралары да басымдыққа ие болды. Орталықтың бастамасымен қарақалпақ және қазақ халықтарының бостандығы үшін күрескен тарихи тұлғалардың мерейтойлары мен еске алу шаралары жүйелі түрде өткізіліп келеді. Атап айтқанда, Дәуқараның Бестөбе аймағында Ер Қосай батырға, Тақтакөпір ауданында Жанқожа батырға, сондай-ақ Қоңырат ауданында Тіленбай батыр Жарықбасұлының 180 жылдық мерейтойына орай ас беріліп, тағзым етілді [Ерниязов, 1995: 3].

Қазақ әдебиеті классиктерінің шығармашылығын насихаттау ҚҰМО қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ұлы қазақ ақыны және ойшылы Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын кеңінен зерделеу және насихаттау туралы Өзбекстан Республикасы Президентінің қаулысы қабыл етілді. Онда Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.М. Мирзиёевтің: «Ұлы ағартушы ақын және ойшыл, жақсылық пен достық жыршысы Абай Құнанбаевтың даңқты есімі мен бай шығармашылық мұрасы тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі халықтарының, соның ішінде өзбек халқының да жүрегінде мәңгі сақталады» [ӨРЗБ, 13.03.2018. ПҚ-3598], – деген сөзі ақын мұрасының халықаралық деңгейдегі жоғары бағасын көрсетеді.

1995 жылдың ЮНЕСКО шеңберінде «Абай жылы» болып жариялануына орай, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 маусымдағы №246 қаулысы негізінде ақынның 150 жылдық мерейтойы Қарақалпақстанда да кең көлемде атап өтілді [ӨҰМ, 37-қор, 1-тізім, 744-іс, 12-б.]. Осы мерейтой аясында Нөкіс қаласындағы № 20 Абай атындағы мектепте ақынның ескерткіші салтанатты түрде ашылды, Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты мен Өзбекстан мемлекеттік өнер және мәдениет институтының Нөкіс филиалында ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен әдеби кештер ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, 1996 жылы Алматы қаласында өткен Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойына Қарақалпақстан делегациясы қатысып, ақын поэзиясының бауырлас халықтар үшін ортақ рухани қазына екендігін паш етті. Баспасөз беттерінде Қ. Байниязов сынды зерттеушілердің ақын мұрасы мен әдеби байланыстар туралы мақалалары жарияланды [Байниязов, 1996: 4].

«Достық үні» газеті қазақ әдебиетінің озық үлгілерін қарақалпақ оқырмандарына таныстыруда маңызды медиа-платформа ролін атқарды. Газет беттерінде Қадыр Мырзалиев, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов шығармаларының аудармалары (аударғандар: Қ. Реймов, О. Сәтбаев) тұрақты беріліп тұрды.

Екі халықтың тарихи-әдеби сабақтастығын көрсететін ХІХ ғасырдағы Әжінияз бен Қыз Менеш айтысына байланысты «Әжінияз және қазақ даласы» және «Әдебиетіміздегі әйгілі айтыс» атты зерттеу мақалалары жарық көрді. Сондай-ақ, атакты жазушы Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығына орай «Әуезов – шабытты ақын және романтик», «Әуезов – әйгілі публицист» және «Әуезов және өзбек әдебиеті» атты мақалалар сериясы жарияланып, жазушының түркі дүниесі әдебиетіндегі орны мен өзбек-қазақ әдеби байланыстарын нығайтудағы еңбегі жан-жақты талданды.

«Достық үні» газетінің беттерінде халықтар достығының символы ретінде қарақалпақ ақындарының шығармалары қазақ тіліне аударылып, тұрақты жарияланып тұрды. Соның ішінде, Қарақалпақстанның халық ақыны Ибраһым Юсуповтың келесі өлең жолдары қазақ тілінде оқырманға жол тартты:

Тілмашсыз-ақ қазақтармен ұғысқам,
Күй тыңдайық, домбыранды бұрап ал.
Сен Абайдың бірер сөзін ұмытсаң,
Мен айтайын, менен келіп сұрап ал.

Қарақалпақстандағы қазақ диаспорасы өздерінің төл мәдениетін сақтауда «Амандасу» (Көрісу) мейрамын ерекше атап өтеді. Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты мен Қазақ ұлттық мәдени орталығының ұйымдастыруымен жыл сайын 13 наурызда ауқымды мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Бұл шараларда ұлттық билер, домбыра күйлері мен айтыстар ұйымдастырылып, қазақтың бауырсақ, қазы, шұбат сияқты ұлттық тағамдары ұсынылады. Мұндай дәстүрлі шаралар аймақтағы этносаралық татулықты нығайтып, ұлттық өнер мен салт-дәстүрді жаңғыртудың маңызды тетігіне айналды.

Қарақалпақстанның ғылым, білім және мәдениет салаларының дамуына үлес қосып жүрген қазақ зиялыларының шоғыры айтарлықтай үлкен. Олардың қатарында жазушылар М.Дәрібаев, К.Досанов, Ж.Сапаров; филолог-ғалымдар И.Сағитов, С.Ахметов, А.Қыдырбаев, А.Нұрмаханов, А.Пірназарова; биолог И.Жолдасова; географ Е.Омаров; заңгерлер Е.Құтыбаева мен Қ.Омарова; тарихшылар А.Жұмашев пен С.Нұржанов; суретші Ж.Құттымұратов, сондай-ақ мәдениет қайраткерлері Тәрбия Жолымбетова, Соня Қарабаева, Ислам Әлібеков, Г.Мүнтеева және Зейнел Пиязовтар бар. Бұл тұлғалардың еңбегі Қарақалпақстанның рухани және интеллектуалдық әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі уақытта Қарақалпақстанда 148 мектеп жалпы орта білімді қазақ тілінде береді. Онда 17 284 оқушы өз ана тілінде білім алу мүмкіндігіне ие. Бұл оқушылардың шамамен 15 мыңы (75%-ы) республиканың 6 аймағында шоғырланған. Сонымен қатар, Әжанияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты мен Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінде жоғары білікті қазақ тілі мамандары даярлануда (Кесте).

Кесте. Қарақалпақстанда қазақ тілінде жалпы білім беруші мектептер бойынша мәлімет [ҚҚРМДМБМ мәліметтері, 2026].

Өлке	Жалпы білім беруші мектептер саны	Класстар саны (1 – 11-класстар)	Онда тәлім алушы оқушылар саны
Қарақалпақстан Республикасы бойынша:	148	1478	17284
Қоңырат ауданы	28	317	4324
Нөкіс қаласы	27	207	2196
Беруний ауданы	16	161	2068
Тақтакөпір ауданы	15	152	1608
Хожелі ауданы	13	127	1341
Әмудария ауданы	10	105	927
Мойнақ ауданы	9	126	1346

Өзбекстан Республикасының Президенті Ш. Мирзиёевтің 2018 жылғы 4 мамырдағы «Мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдардың қызметін түбегейлі арттыру және оларды демократиялық жаңарту процестеріндегі рөлін нығайту шаралары туралы» № ПФ-5430 Жарлығы [ӨРПЖ, 04.05.2018. ПФ-5430] сәйкес, Қарақалпақстан Республикасы мен облыс орталықтарында, сондай-ақ Ташкент қаласында мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдардың аймақтық қажеттіліктерін өтеу мақсатында бос тұрған мемлекеттік нысандар негізінде «Мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдар үйлері» құрылды. Осы құжат негізінде Нөкіс қаласында «Достық үйі» ғимараты пайдалануға берілді. Қазіргі таңда аталған орталықта 5 этномәдени бірлестік – қазақ, түрікмен, орыс, кәріс және украин ұлттық мәдени орталықтары өз қызметін жүзеге асыруда.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қарақалпақстандағы қазақ ұлттық мәдени орталығының (ҚҰМО) қызметі жай ғана этномәдени бірлестік деңгейінен асып, аймақтағы институционалдық тұрақтылықтың кепіліне айналған. Орталықтың 1990 жылдардағы қиындықтарға (қаржылық тапшылық, техникалық кедергілер) қарамастан нығаюы – этникалық топтың өзін-өзі ұйымдастыру қабілетінің жоғары екендігін айғақтайды. Әсіресе, «Достық үні» газеті мен «Бесқала» халық театрының жұмысы аймақтағы қазақ диаспорасының мәдени жадын сақтап қалуда шешуші рөл атқарды. 148 мектепте білім берудің қазақ тілінде сақталуы және Абай, Жамбыл сынды тұлғалардың мұрасын ұлықтау – Өзбекстандағы этносаясаттың инклюзивті сипатын көрсетеді.

Мақалада қарастырылған деректер ҚҰМО-ның қызметі тек мәдени шаралармен шектелмейтінін, ол бауырлас халықтар арасындағы алтын көпір ретінде саяси-әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ететін маңызды құрал екенін дәлелдейді. Бұл модель Орталық Азиядағы этносаралық келісімнің бірегей үлгісі ретінде қарастырылуға лайықты. Тарихи тұлғалар мен ортақ дәстүрлерді (Көрісу) қайта жаңғырту – диаспораның оқшаулануына жол бермей, оны біртұтас мемлекеттік мүддеге жұмылдырудың тиімді тетігі болып табылады.

Қорытынды. Түйіндей келгенде, көпұлтты мемлекет пен қоғамның тұрақтылығы, әлеуметтік-экономикалық дамуы, ең алдымен, ұлтаралық өзара түсіністік пен құрмет деңгейіне, сондай-ақ толеранттылық мәдениетінің қалыптасуына тікелей байланысты. Бұл тұрғыда әртүрлі этнос өкілдерінің рухани-мәдени мұқтаждықтарын қанағаттандыру, әрбір ұлттың ана тілі мен мәдениетін дамытуына, рухани құндылықтарын сақтауына жағдай жасау – мемлекеттің басым міндеттерінің бірі. Аталған міндеттерді іске асыруда ұлттық мәдени орталықтардың рөлі ерекше. Соның ішінде, ҚҰМО қоғамдағы ұлтаралық татулықты нығайтуға, гуманистік құндылықтарды дәріптеуге және азаматтық келісімді бекемдеу ісіне елеулі үлес қосып келеді.

Дереккөздер

ҚҚР ОМА – Қарақалпақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
 ҚҚРМДМБМ – Қарақалпақстан Республикасы Мектепке дейінгі және мектеп білімі министрлігі.
 ҚРСБМ – Қарақалпақстан Республикасы Статистика басқармасы материалдары
 ӨРЗБ – Өзбекстан Республикасының заңнамалық базасы. (2018). Өзбекстан Республикасында мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдар мен ұлттық мәдени бірлестіктердің қызметін реттеу туралы нормативтік-құқықтық актілер жинағы. *NRM.uz*. <https://nrm.uz/contentf?doc=536322>
 ӨРПЖ – Өзбекстан Республикасы Президенті Жарлығы
 ӨҰМ – Өзбекстан Ұлттық Мурағаты
 РИМОМ – Республикалық интернационалдық мәдениет орталығының ағымдағы мұрағат материалдары

Әдебиеттер

Абибуллаев, 1992 – *Абибуллаев Д.* Жаңа газета // Еркін Қарақалпақстан. № 60. 1992, 28-март. 1–2-бб.
 Байниязов, 1996 – *Байниязов Қ.* Қазақ поэзиясының байтереги Жамбыл Жабаевтың туғылғанына 150 жыл толыуына // Еркін Қарақалпақстан. №101. 1996. 22-август. 4-б.
 Бөпежанова, 1993 – *Бөпежанова Ә.* Қазақ өнерінің қара шаңырағы // Достық үні. № 18–19. 1993, мамыр. 3-б.
 Ерниязов, 1995 – *Ерниязов Қ.* Мың айдың жүзин көрген батыр // Еркін Қарақалпақстан. № 175. 1995. 9-ноябрь. 3-б.
 Қонысбай, 1992 – *Қонысбай Қ.* Төреағалармен таныстырамыз // Достық үні. № 18–19. 1992. Қараша. 2-б.
 Тауасар, 1992 – *Тауасар Б.* 1000 шақырымда жарық көрген басылым немесе «Достық үні» газетін шығаруда кездескен проблемалар жайлы сыр // Достық үні. 1992. № 1. 21–наурыз. 2-б.
 Brubaker, 2006 – *Brubaker R.* The ‘diaspora’ diaspora // *Ethnic and Racial Studies*. 2006. № 28(1). 1–19-бб. <https://doi.org/10.1080/0141987042000289997>

Sources

QQROMA – Qaraqalpaqstan Respublikasy Ortalyq memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Karakalpakstan]
 QQRMDMBM – Qaraqalpaqstan Respublikasy Mektepke deingi jáne mektep bilimi ministrliги [Ministry of Preschool and School Education of the Republic of Karakalpakstan]
 QRSBM – Qaraqalpaqstan Respublikasy Statistika basqarmasy materialdary [Materials of the Statistics Department of the Republic of Karakalpakstan]
 ÓRZB, 2018 – Ózbekstan Respublikasynyń zańnamalyq bazasy. Ózbekstan Respublikasynda memlekettik emes kommersiialyq emes uymdar men étnomádeni birlesterdiń qyzmetin retteu turaly normativtik-quyqytyq aktiler jinaғы [Collection of normative legal acts on regulating the activities of NGOs and ethno-cultural associations in Uzbekistan]. *NRM.uz*. <https://nrm.uz/contentf?doc=536322>
 ÓRPJ – Ózbekstan Respublikasy Prezidenti Jarlyғы [Decree of the President of the Republic of Uzbekistan]
 ÓUM – Ózbekstan Ultyq Muragaty [National Archive of Uzbekistan]
 RIMOM – Respýblikalyq internatsionaldyq mádeniet ortalygynyń aғymdaғы muragat materialdary [Current archive materials of the Republican International Cultural Center]

References

- Abibýllaev, 1992 – *Abibullaev D.* Jana gazeta [New Newspaper]. *Erkin Qaraqalpaqstan*. 1992. № 60. 28 march. Pp. 1–2. [in Karakalpak]
- Bainiiazov, 1996 – *Bainiiazov Q.* Qazaq poeziiiasynyn baiteregi Jambyl Jabaevtyn tuylganyna 150 jyl tolyuyna [To the 150th Anniversary of Zhambyl Zhabayev]. *Erkin Qaraqalpaqstan*. 1996. № 101. August 22. P. 4. [in Karakalpak]
- Bopezhanova, 1993 – *Bopezhanova A.* Qazaq onerinin qara shanyragy [The Great Shanyrak of Kazakh Art]. *Dostyq uni*. 1993. № 18–19. May. P. 3. [in Kazakh]
- Brubaker, 2006 – *Brubaker R.* The ‘diaspora’ diaspora. *Ethnic and Racial Studies*. 2006. № 28(1). Pp. 1–19. <https://doi.org/10.1080/0141987042000289997> [in English]
- Erniiazov, 1995 – *Erniiazov Q.* Myn aidyn juzin korgen batyr [The Hero Who Saw a Thousand Moons]. *Erkin Qaraqalpaqstan*. 1995. № 175. 9 november. P. 3. [in Karakalpak]
- Qonysbai, 1992 – *Qonysbai Q.* Toreagalarmen tanystyramyz [Introducing the Chairmen]. *Dostyq uni*. 1992. № 18–19. November. P. 2. [in Kazakh]
- Tauasar, 1992 – *Tauasar B.* 1000 shaqyrymda jaryq korgen basylym nemese “Dostyq úni” gazetin shygaruda kezdesken problemalar zhaily syr [Problems in Publishing the "Dostyk Uni" Newspaper 1000 km Away]. *Dostyq uni*. 1992. № 1. 21 march. P. 2. [in Kazakh]

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

Мамытова С.Н. ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ.....	429
Ахметжан К.С. ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН.....	447
Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш. «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ.....	473
Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B. THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION.....	488
Toraigyrov Ye.M. TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES.....	502
Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х. УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ.....	516
Әуелбеков М.Б., Бахар Х. XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	533
Черниенко Д.А. ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ.....	548
Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z. SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY.....	564
Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ Өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.).....	576
Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х. О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ.....	590

Сулейменова А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	602
Молотова Г.М. ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ).....	619
Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С. ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	629
Алимбай Н. ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ).....	642
Бахтыбаев М.М., Қожя М.Б., Сиздиков Б.С. ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА.....	695
Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ).....	713
Шашаева М.А. ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ.....	724
Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г. АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ.....	735
Есен С.Ғ. МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	755
Жетібаев К.М., Қожя М.Б., Әлімбекұлы Ә. ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	764
Муратбаева А.Б. ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ.....	777

- Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС
ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....787
- Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М.**
ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....805
- Алибек С.Н., Кудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е.**
РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД
КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК
ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ
ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....817
- Жүсінов Р.Б., Нұрышева Г.К.**
1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ
ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ
САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....833
- Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә.**
КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ
ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР»
МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....851
- Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е.**
МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН
БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....866
- Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А.**
КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ.878
- Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б.**
ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ
(ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....890
- Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж.**
ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....915
- Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A.**
THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’
ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....926
- Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A.**
THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY
IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
